BA1209 Балалар әдебиеті	Балалар әдебиеті туралы түсінік қалыптастырады, балалар әдебиетінің даму жолдары мен өзіндік ерекшеліктерімен танысады. Сөз өнерінің бір саласы ретінде дамып келе жатқан балаларға арналған шығармалар , балалар фольклорындағы рухани құндылықтар , балалар әдебиетінің оқиғасы қызықты да тартымдылығымен ерекшелінетін ,тілі жеңіл,көркем әрі түсінікті ,әсерлі туындыларды оқып, тағылымдық мәнін ұғындырады.	ON 9 ON 12 ON 14 ON 15
MOSHO1210 Мәнерлеп оқу және шешендік өнер	Мәнерлеп оқу мәтіннің мазмұнын тыңдаушыға әсерлі жетуі үшін сөздің мәнін, дыбыстық үйлесімін, дауыс ырғағын сақтап айтуға үйретеді. Мәнерлеп оқу оқу техникасын, сөздің буынның айқын айтылуын қалыптастырады. Шешендік өнер қазақтың даналық үлгісін, ғасырлар бойы қалыптасқан құнды мұрасын, шешендік сөздердің үлгілерін, нұсқаларын , тапқырлық нақыл сөздерін оқытады.	ON 2 ON 9 ON 13 ON14 ON15
KD 1211 Қазақ диалектологиясы	Тіл білімінің диалектілер мен говарларды зерттейтін саласы – диалектология.Диалектология жергілікті тіл ерекшеліктерін зерттейді. Диалект – деген термин тілдегі жалпы халықтық сипат алмаған, белгілі бір жерде ғана қолданылатын ерекшеліктердің жиынтығын, өзіне ғана тән тілдік ерекшеліктері бар жекелеген аймақ, территорияны білдіреді. Пән арқылы жергілікті жерде қолданылған диалекті сөздердің мағынасын әдеби тіл ерекшелігімен салыстыра оқытылады.	ON 7 ON 8 ON 9 ON 10 ON12
OP(F) 1212 Оқу практикасы (Фольклорлық)	Фольклорлық оқу практикасы - қазақтың бай ауыз әдебиеті үлгілерін, әдет-ғұрыптарға байланысты тұрмыс-салт жырларын, батырлар жыры мен ғашықтық жыр дастандарын ел арасынан жазып алу, жинау, қағазға түсірудегі тәжірбиені қалыптастырады .Ел аузында сақталған, хатқа түспеген әдеби құндылықтары,ауыз әдебиетінің асыл қазынасын қағазға түсіріп, жазып алып, жинақтайды. Ел аузынан жиналған мұраның өзіндік ерекшелігін, варианттар мен версияларын анықтайды.	ON 7 ON 10 ON 13 ON15
OP(D) 1213 Оқу практикасы (Диалектологиялық)	Белгілі бір аймақта өзгеріске ұшыраған сөз және дыбыстың, сөз бен мағынаның және ұғымның өзіндік айырмашылығын айқындау, сол аймаққа ғана тән сөздерді жинастыру, жазып алу және әдеби тілмен байланысын талдау және саралау. Практикада белгілі бір аймақта ғана қолданылатын сөздерді жазып алып ,оның қолданыстағы ерекшелігін, өзге тілдің ықпалынан өзгеріске ұшыраған себептерін айқындайды.	ON 7 ON 8 ON 9 ON10 ON12
IBB3214 Инклюзивті білім беру	Кең мағынадағы инклюзивті білім беру – кедергілерді жоюға және оқыту процесіне ерекше оқытуды қажет ететін барлық адамдарды қосу мен сапалы білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында оларды әлеуметтік бейімдеуге бағытталған білім беру процесі.	ON 2 ON 3 ON 4

НАА 3215 Халық ауыз әдебиеті	Қазақ халқының ауыз әдебиеті- халықтың сөз өнері мұраларының жанрлық түрлерін толық қамтиды. Халық ауыз әдебиетінің мұраларын тақырыптық , көркемдік сипаттары фольклортану ғылымының зерттеулерінің аясында теориялық және практикалық тұрғыда жан жақты түсіндіреледі. Бай ауыз әдебиеті үлгілерінің рухани құндылықтары, жанрлық ерекшеліктері, қоғамдық мәні, тағылымдық ерекшелігі қарастырылады.	ON 9 ON 10 ON 11 ON 12 ON13
ТК 3216 Түркітануға кіріспе	Түркі халықтарының тарихы мен әдебиетін, тілі мен мәдениетін зерттейтін кешенді ғылымдардың бірі. Студенттерге түркі тілдері мен халықтарының зерттелу тарихынан, түркі тілдерінің топтастырылуы мен өзіндік ерекшеліктерінен, сондай-ақ, түркі жазуы мен тіл мәдениеті тарихының кезеңдерінен мағлұмат береді .Түркі тілдерінің топтастырылуы мен жіктелуін және түркі тілінің өзіндік ерекшеліктерін танытады.	ON 4 ON 11 ON 12 ON 14
БП циклы. Таңдау компоненті		
КТҒЛОА 2217 Қазақ тілінің фонетикасы және лексикологиясын оны оқыту әдістемесі	Сауатты жазу мен дұрыс сөйлеу заңдылықтарының негізінде студенттерге тілдің дыбыстық жүйесінен, дауысты, дауыссыз дыбыстардан, қазақ тілінің дыбыстық құрамы мен ерекшеліктерінен, үндестік заңынан, орфоэпия мен орфографиядан, сонымен қатар қазақ тілінің фонетикалық даму заңылықтары туралы теориялық тұрғыдан жүйелі білім беріледі.	ON 6 ON 13 ON 14 ON 15
TD2217 Латын графикасына көшу мәселелері	<i>Қазіргі уақытта латын әрпін қолдану, ең алдымен, заман талабы болып отыр.</i> Латын графикасына көшу мәселелеріне талдау жасайды. Қазіргі кезде латын әліпбиіне көшу мәселесіне қатысты айтылып жатқан пікірлерді, ғалымдардың тұжырымдары мен ұсыныстарын негізге ала отырып, қиындықтар мен кедергілерден шығу жолдарын қарастырады.	ON 6 ON 13 ON 14 ON 15
\GzhO 2217 Графика және орфография	Фонетика ғылымының құрамдық бөлшектері. Графика – тіл дыбыстарын жазуда таңбалайтын шартты белгілер жиынтығы. Дыбыс алғашқы, табиғи, ал графикалық таңба соңғы жасалынады. Қазақ орфографиясы – бүгінгі қоғамдық-әлеуметтік міндеттерге толық жауап беріп отырған, кемел дәрежедегі орфографиялардың бірі. Тіл дыбыстарының дұрыс жазылу ерекшеліктерін үйретеді.	ON 6 ON 13 ON 14 ON 15
КТТГ2218 Қазақ тілінің тарихи грамматикасы	Жалпы қазіргі қазақ тілінің тарихи грамматикасы пәнінің шығу, қалыптасу кезеңдерін, зерттелу тарихын студенттерге түсіндіру. Қазіргі қазақ тілінің тарихи грамматикасы пәнінің зерттеу нысанын, қазіргі қазақ тілінің тарихи грамматикасының шығу тарихын, қазақ халқының құрылу процесіндегі басты кезеңдер және ол процеске тікелей қатысы бар тайпалар, тілдік ерекшеліктері ,тарихи ерекшеліктері жайында зерттеулерді оқытады.	ON 5 ON 6 ON 7
ТгМК2218Тіл және мәдениетаралық коммуникация	«Тіл және мәдениетаралық коммуникация» - лингвистика және мәдениетаралық коммуникация бойынша негізгі ережелерді ұсынатын пән. Бірнеше мәдениет тоғысында өмір сүріп жатқан қазақстандықтар үшін бұл пәнді өтудің маңызы зор. Бұл пәнді оқу арқылы студенттер өзге тілдерді	ON 5 ON 6

	оқып-үйренудегі әлеуметтік факторларға аса мән беруді үйренеді. Тілді халық мәдениеті арқылы үйретудің, мәдениетаралық әдептің негізін түсінеді.	ON 7 ON 9 ON 14 ON 15
ТА 2218 Тарихи лексика	Қазақ тілінің, жалпы түркі тілдерінің, түбір морфемасы жайлы сөз қозғағанда, түбірдің фонетикалық құрылысы мен сипаты, аумақ-көлемі жайлы мәселеге соқпай өту мүмкін емес. Мәселе мынада: түркі сөздерінің түбір морфемасы бір буынды болып келеді. Сөйтіп, түбір морфема екінші жағынан буын ретінде де ұғынылады. Сондықтан да алғашқы түбір, негізгі түбір дейтін ұғымдар сол түбірді құрайтын буынның сипаты жайлы ұғыммен тығыз байланысты қаралып отырады. Лексикалық қордың ұйытқысы бір буынды түбірлер болуы тек қана түркі тілдерінің емес, жалпы алтай тобына жататын тілдердің ортақ ерекшелігі болып табылады. Бұл ерекшелік, яғни байырғы түбірдің бір буындылығы, қазіргі түркі тілдерінің бойында да сақталған. Сөз таптары ыңғайынан қарастырғанда, етістіктер құрамында бір буынды түбірлердің саны екі буындыларға барлық етістіктердің ұйытқысы болып отырады.	ON 5 ON 6 ON 7 ON 9 ON 14 ON 15
EDAT 2219 Ежелгі дәуір әдебиетінің тарихы	Қазақ әдебиеті тарихының бастауларымен таныстырады. Тасқа жазылған әдеби жәдігерліктерден бастап, қазақ хандығы құрылған кезеңге дейінгі түркі тілдес халықтардың бәріне ортақ бай мұраны оқиды. Орхан Енесей жазбалары, көне түркі тілінде жазылған көркем шығармалардың қазақ әдебиеті тарихынан алатын орны, өзіндік ерекшеліктері, тәрбиелік мәнін қамтиды.	ON 5 ON 6 ON 7 ON 9 ON 14 ON 15
EDAP 2219 Ежелгі дәуір әдебиетінің поэзиясы	VII—XIV ғасыр жеті ғасырды қамтыған әдебиетіміздің жыр-дастандарын қамтиды. Студент Түркі ру - тайпаларына ортақ Орхон ескерткіштерді, «Оғыз-наманы», Қ.А.Иасауидің «Диуани-хикметін», Ж.Баласағұнның «Құтты білік» дастанын, қыпшақ тілінде жазылған «Махаббатнама», «Жүсіп-Злиха», «Құсырау-Шырын» дастандарын оқып, нұсқаларымен танысады. Ежелгі әдебиет мұраларынан бастап, Ислам дәуіріндегі, Алтын Орда қыпшақ кезеңіндегі жыр-дастандардың тарихы, мазмұны, идеялық ерекшеліктері оқытылады.	ON 1 ON 6 ON 9 ON 14 ON 15
AODA 2219 Алтын Орда дәуірінің әдебиеті	XIII ғасырдың екінші жартысынан XV ғасырдың соңына дейін өмір сүрген Алтын Орда мемлекетінің тарихы мен жазба мұраларымен танысады. Алтын Орда дәуірінде де ханның жарлықтарымен бірге кеңсе құжаттарымен қоса көптеген көркем туындылар жеткен. Алтын Орда әдбиеті –екі арнадан нәр алғанын, сол кезең туындыларының тақырыптық, идеялық мәнін қарастырып, Құтб,С.Сараи сынды ақындардың туындыларын оқиды.	ON 1 ON 6 ON 9 ON 14 ON 15
KXDA 2220 Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет	Қазақ хандығы дербес хандық құрған кездегі әдебиет, яғни ақын-жыраулар поэзиясынан халықтың салт-санасын, тілек-мақсатын айқын аңғаруға болады. Жыраулар толғауларында елдің елдік мұраты, халықтың мұң-мұқтажы,күйініш-сүйініші, қайғы-қасіреті айқын көрініс тапты. Қазақ	ON 10 ON 11

	даласының қоғамдық-саяси , әлеуметтік ой-пікірлерін Асан қайғы, Доспамбет, Қазтуған, Бұқар жырау толғаулары арқылы таниды.	ON 12 ON 13
ZZA2220 Зар заман әдебиеті	Қазақ әдебиетіндегі зар заман ақындарының шығармашылығы дәуір құбылыстарымен, ұлттық мақсат-мұратымен байланыстыра талданады. Зар заман ақындары Дулат, Шортанбай, Мұрат,Нарманбет шығармаларындағы тарихи көзқарастар,басты бағыты айқындалып ,зар заман сарыны,отаршылдыққа қарсылық,наразылық,халық қасіретін танытқан жырлары оқытылады. Зар заман ақындарының поэзиясының түрі, тұрпаты, сарыны қарастырылады.	ON 10 ON 11 ON 12 ON 13
ЖРКЕ 2220 Жыраулар поэзиясындағы көркемдік ерекшелігі	Пәнінде ерлік тақырыбын жырлаған жыраулар поэзиясында ел үшін күрескен батырлардың ержүректілігін жырлау ең басты мәселе болды. Жыраулар толғауларында маңызды елдік мәселелермен бірге әдеп пен адамгершілік,ар-намыс туралы мәселелерді жырлағанын ұғындыру.Жыраулар поэзиясындағы тақырыптық-идеялық ерекшеліктер,көркемдік-стильдік ерекшеліктері қарастырылады. Жыраулар поэзиясындағы даналық, дидактикалық сарын өзіндік ерекшеліктері талданады.	ON 10 ON 11 ON 12 ON 13
КТМООА 3221 Қазақ тілінің морфологиясы және оны оқыту әдістемесі	Пән негізгі грамматикалық ұғымдарды, сөздердің морфологиялық құрылымын, сөз таптары, олардың жіктелуі, есім сөз таптарының грамматикалық сипаты, мағыналық топтары, етістіктің семантикалық, морфологиялық сипаты, үстеудің мағыналық түрлері, еліктеу сөздердің фонетика-морфологиялық сипаты, шылаулардың грамматикалық қызметі, сөзжасамдық ұғымдар мен тәсілдерді, сөз таптарының сөзжасамын біліп, практикада қолдана алатындай білімін арттыруға, сындарлы жұмыс істей білетін маман дайындауға бағытталады.	ON 8 ON 9 ON 10 ON 12 ON 13
МР 3221 Морфология практикумы	Пәнде сөз тұлғаларының түрлену, түрлі өзгеріске түсуін анықтау мақсатында салыстыра зерттеу жүйесі қарастырылады. Қазіргі қазақ тілінің грамматика саласы бойынша кейбір өзекті мәселелерді қамтиды. Морфологияның дамуына үлес қосқан ғалымдардың еңбектерімен таныстырылады. Сөз формаларының жасалу тәсілдерін меңгерту, морфологиялық талдауға үйретеді.	ON 8 ON 9 ON 10 ON 12 ON 13
СЖ 3221 Сөзжасам	Сөзжасам – тіл білімінің өзіндік дербес саласы . Тілдің сөзжасамдық жүйесін, сөзжасамдық бірліктерді, сөзжасам заңдылықтарын, сөзжасамның амал-тәсілдерін, сөздердің жасалу жолдарын, сөзжасам арқылы жасалған туынды сөздерді, олардың түрлерін, сөзжасамдық мағынаны, әр сөз табының сөзжасам жайында теориялық мағлұматтарын меңгертеді.	ON 8 ON 9 ON 10 ON 12 ON 13
КТЛООА 3222Қазақ тілінің лексикологиясы және оны оқыту әдістемесі	Студенттерге сөзді, сөздердің жиынтығын, сөздердің мағынасын, сөздіктің түрлерін, диалектілерді, сөз байлығын, сөздік құрамын, сөздердің шығу тегін, тұрақты сөз тіркестерін жан-жақты зерттеп үйретеді. Лексикология тіліміздегі сөз байлығын зерттейтін ғылым саласы. Лексикологияны оқытудағы қойылатын талаптар - студентті дұрыс сөйлеу, ойын жеткізіп айта білуге үйретеді .Тура және ауыспалы мағыналы сөздерді, оның ішінде ауыспалы мағыналы сөздердің мағынасы түсіне білуге үйретеді. Сонымен қатар қазақ тілінің лексикологиясы пәнін оқытудың әдіс-тәсілдерін меңгертеді.	ON 4 ON 11 ON 12 ON 13 ON 14 ON 15

CKZ 3222 Сөздік құрамды зерттеу	Білім алушылар бұл пәнде сөздік құрам және сөздердің жиынтығымен танысады. Сөздік құрам ұлттың өзіне тән кәсібі мен қоғамдық, әлеуметтік тіршілігін тұтас сипаттайды. Ұлттың рухани және материалдық мәдениеті неғұрлым бай болса, оны жеткізіп, суреттейтін сөздер де соншалықты көп әрі күрделі болады. Студенттер сөздік құрамға жалпыхалықтық лексикамен қатар кірме сөздерді, терминдерді, кәсіби сөздерді, диалектілерді, жаргондарды, әдеби және ауызекі тіл лексикаларын меңгереді. Сонымен қатар сөздік құрамда күнделікті жиі (актив) қолданылатын, сол тілде сөйлеушілерге түсінікті болып келетін ортақ сөздерді, сондай-ақ сирек (пассив) қолданыстағы, барлығына бірдей түсінікті емес терминдерді, көнерген сөздерді, диалектілерді, жаңа сөздерді үйренеді.	ON 4 ON 11 ON 12 ON 13 ON 14 ON 15
TL 3222 Тарихи лексикология	Білім алушы бұл пәнде қазақ лексикасының көне түркілік негізіне, орта ғасырларда қазақ лексикасының өзіндік белгілеріне, қазақ лексикасының одан кейін халықтық және ұлттық дәуірлерде даму сипатына тоқталады. Көне заман мен орта ғасырдағы лексиканың ескерткіштер арқылы танымыз. Ол кездегі сөйлеу тілі лексикасы бізге толық жетпегеніне, сөздердің жазылуы мен айтылуы қашан да бірдей бола бермейтіндігіне көз жеткізеді. Тарихи лексикология тілдің сөздік құрамын, шығуын, замандар бойында қалыптасуын және дамуын, лексиканы құрастырушы арналарын үйретеді.	ON 4 ON 11 ON 12 ON 13 ON 14 ON 15
XIX ғасырдың I жартысындағы қазақ әдебиетінің тарихы	Қазақ әдебиетінің жай-күйі мен өркендеу жолы қарастырылады. Қазақ әдебиетінің өзіндік даму ерекшелігі, өзіне дейінгі әдебиетпен сабақтастыра отырып, көркемдік басылым, шығармашылық жөнінде де өзгешеліктері, түрі мол, сан жанрлы әдебиет, баспасөз жанрларының дамуы, аударма, мазмұны мен түрдің жаңа үлгілері, салалары айқын қарастырылады. Қиссашыл ақындар мен сал серілер поэзиясы, жаңа жазба әдебиет өкілдерінің туындылары оқытылады.	ON 4 ON 5 ON 7 ON 11
MS3223 XIX ғасырдың II жартысындағы қазақ әдебиетінің тарихы	XIX ғасырдың екінші жартысындағы әдеби даму заңдылықтарының басты ерекшеліктерін саралап көрсету, сол кезеңде өмір сүрген ақындардың мұраларын талдап зерделеу. Абай мектебі, Абай дәстүрі мен дүниетанымын талдау. XIX ғасырдың екінші жартысы мен соңына қарай әдебиет жаңа сипаттармен толысып, ұлттық сананың сара көрінісіне жол ашты. XIX ғасыр әдебиетінің зерттелуі қарастырылады.	ON 4 ON 5 ON 7 ON 11
KTZhTBO3223 Қаратау шайырлары мұрасы	XIX ғасырда Оңтүстік Қазақстан өңірінен шыққан Майлықожа, Құлыншақ, Мәделіқожа сынды белгілі ақындар шығармашылығы оқытылады. Қоқан хандығы мен отаршылдыққа қарсы шыққан кітаби ақындардың шығармашылығына талдау жасалынады. Қаратау ақындарының өлеңдерінің мазмұны, тарихи шындық, айтыстағы өрнектері, Қоқан хандығының езгісіне қарсылық, отаршылыққа наразылықтары аңғарылатын жырларын оқу, талдау.	ON 4 ON 5 ON 7 ON 11
ABI3224 Абайтану	Ұлы Абайдың мол мұрасын, ақындық әлемін, өлең өнеріндегі көркемдік шеберлігін, қарасөздегі рухани құндылықтарын үйретеді. Абайдың әдеби мұрасының аударма арқылы дүниежүзі халықтары әдебиетінің алтын қорына қосылған жәдігер туынды және ұлттық әдебиетіміздің өркендеуіне жасаған идеялық-көркемдік ықпалын қарастырады. Абай мұрасын зерттеушілер, Абайтану ғылымының дамуы жүйелі түрде қарастырылады.	ON 4 ON 7 ON 9 ON 11

			ON 13
АККР3224Абай қазақ поэтикасы	және	Абай туындыларының көркем тілі, қазақ поэзиясына енгізген жаңалығы, Абай шығармаларының текстологиясы, Абайдың ақындық мектебі, Абай мектебінің қалыптасқан дәстүрі, жаңашылдығы, әлеуметтік мәні, Абайдың ақындық дәстүрі туралы түрлі тұжырымдар мен зерттеулер, Абайдың қазақ поэзиясының дамуына тигізген ықпалы жөнінде кеңінен мағлұмат беріледі.	ON 4 ON 7 ON 9 ON 11 ON 13
АА3224 аудармалары	Абай	Абай шығармашылығына шығыс, орыс, батыс әдебиеті әсерінің ықпалы қарастырылады. Абай аудармалары Пушкиннен аудармалары, ақын аудармасында көркем бейнелі ойдың ұлттық танымға сай тәржімалануы, Еуропаның ұлы ақын-жазушылары Шекспир, Байрон, Гете, Дюмалардың, философтар Сократ, Платон, Аристотель, Спенсер, Дарвин, т.б. еңбектерімен танысуы, Дж. Байрон «Көңілім менің қараңғы», А.Мицкевич «Тұтқындағы поляк жандаралының сөзі», И.В.Гете-М.Ю.Лермонтов «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңдерін аудармалары талданады.	ON 4 ON 7 ON 9 ON 11 ON 13
КТS00А4225 оны оқыту әдістемесі	Қазақ тілінің синтаксисі және	Пән қазіргі қазақ тілі синтаксисінің зерттелу тарихы, сөз тіркесінің байланысу тәсілдері мен түрлері, сөйлем мүшелерінің сипаты, сөйлем және оның құрамы, құрмалас сөйлемнің қалыптасу, даму жолдары, жасалу жолдары, мәселелерін қарастырып, студенттің әдеби тіл нормаларын игеруіне көмектеседі. Пән негізінде тілдік зерттеушілік құзыреттіліктерге ие тұлға қалыптасып, түрлі ғылыми көзқарастарды талдап, тануға үйренеді, оларды оқу үдерісінде басшылыққа алып, пайдалану дағдыларын машықтандырады.	ON 9 ON 10 ON 11 ON 12 ON 13 ON 15
СТ 4225Синтаксистік талдау		Бұл пәнде білім алушылар синтаксистік талдау жасауға үйренеді. Сөйлем мүшесін меңгере отырып сатылай комплексті талдаудың түрлерін меңгереді. Оқу және ғылыми мақсатында сөйлемді, оның мүшелерін, түрлерін, құрмалас сөйлемнің құрамындағы жай сөйлемдерді анықтайды. Тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелердің сұрақтарын толық қамтиды.	ON 9 ON 10 ON 11 ON 12 ON 13 ON 15
ОР 4226Орфография және пунктуация		Орфография мен пунктуация – сауаттылықты және зеректілікті талап ететін тіл білімінің салалары. Сауаттылық – мәдениеттіліктің белгісі. Сондықтан студенттердің емле ережелерін сақтап жазуға ерекше көңіл бөлінеді. Орфография заңдылықтарына негізделіп құрастырылған сөздіктер де жыл сайын дамып, толықтырылып, өзгеріске түсіп отырады. Тыныс белгілері қате қойылған мәтіннің, сөйлемнің мағынасы күңгірттеніп не тіпті өзгеріп кетеді. Сондықтан оны дұрыс қою, сауатты жазуға үйретеді.	ON 9 ON 10 ON 11 ON 12 ON 13 ON 15
Сті4226Стилистика		Тілдің қолдану принциптерін реттейді, сөйлеу процесінде тілді пайдаланудың заңдылықтарын қарастырады, сондай-ақ тілдік амал-тәсілдер мен стилистикалық мүмкіндіктер арқылы коммуникативті-прагматикалық, эстетикалық ерекшелігін үйретеді. Стилистика ғылыми стилистикалық ұғымдар мен белгілердің межесін тірек ете отырып, теориялық мәселелерді қарастырады. Қазіргі стилистика ғылымы тілдік бірліктерді пайдаланудың тәсілдеріне үйретеді әрі коммуникативтік мақсатқа сай іріктеу ұстанымын үйретеді.	ON 9 ON 10 ON 13 ON 15

КАС4226Көркем әдебиет стилистикасы	Білім алушы бұл пәнді оқу барысында әдеби жанрда жазылған көркем шығармалардың стильдерімен танысады. Көркем әдебиет стиліне тән бірнеше ерекшеліктер бар. Көркем әдебиет стилінің екінші ерекшелігі - оның көп стильді болып келетіндігі. Мұның мәнісі қай жанрда жазылған шығарма болса да, онда тіл арқылы қарым-қатынас құралдарының барлық түрінің қолданылуында, яғни стилін зерттейді. Әр ақынның сөзді қолдану ерекшелігі, сөз маржанын теруі, оны көркем қолдана білу ерекшелігі стильдік тұрғыдан талдауға үйретеді.	ON 9 ON 10 ON 13 ON 15
PC4226 Практикалық стилистика	Тілді тұтынушыны стилистикалық сауаттылыққа тәрбиелеу, әрбір функционалды стильдің нормалық табиғатын, өзіндік белгілерін терең тану мен оны тілдік тәжірибеде орынды қолдануға дағдыландыру, сөйлеудің өзіндік ерекшеліктеріне сәйкес ойын дұрыс құрастыру қабілетін арттыру болып табылады.	ON 9 ON 10 ON 13 ON 15
XX GKA4227XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті	Қазақ әдебиетінің мазмұнға бай XIX ғасыр шығармаларын шартты түрде үш кезеңге бөліп қарастыруды ұсынған. Бірінші кезең XIX ғасырдың бірінші жартысындағы әдебиеттің даму ерекшеліктерін, тақырыптық және жанрлық ерекшеліктерінің дамуын, діни-ағартушылық бағыт, халық көтерілісі Махамбет, Шернияз, Алмажан жырлары және түрлі тарихи оқиғаларды жырлаған дастандардағы дәуір көрінісі, ұлттық рухы қарастырылады.	ON 7 ON 9 ON 10
ADBA4227Ағартушы демократиялық бағыттағы әдебиет	XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті Ыбырай, Абайлар негізін салған демократиялық ағартушылық бағытта дамыған жаңашыл әдебиетіміздің жалғасы ретінде қарастырылады. Ағартушылық демократтық бағыт өкілдерінің бай мұрасы, жастарды ғылым-білім, өнерге шақырған туындылары оқытылады. Ағартушылық, адамгершілік идеяларды уағыздаған жырлар, ақындардың ар ілімі жайлы түсініктері қамтылады. С.Торайғыров, С.Дөнентаев, С.Көбеев, Т.Жомартбаев, М.Сералин, Ә. Тәңірбергенов, Б.Өтетілеуов шығармалары оқытылады.	ON 7 ON 9 ON 10
AUA 4227 Алаш ұранды әдебиет	Қазақтың сан ғасырлық тарихының ең жарқын беттерін жазған Алаш қозғалысы тарихи-саяси айрықша құбылыс ретінде ұлтымыздың мәдени рухани даму жолын жаңа арнаға бұрғаны сөзсіз. Ұлттың еркіндігі мен азаттығы, оны құрайтын жеке адамдардың бақыты мен теңдігі ұранын көтерген қозғалыс – білімі кемел, ой-өрісі кең, мәдениеті жоғары, адам мен қоғамның мәселелерін жетік білетін Алаш қайраткерлері Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытовтың тағдыры, еңбегі мен көркемдік әлемімен танысады. Тарихи дамудың елеулі арнасы болған ағартушылық мұраттары, терең көзқарастары зерделенеді.	ON 7 ON 9 ON 10
\KDKA4228 дәуіріндегі әдебиеті	Кенес дәуіріндегі қазақ әдебиетінің негізгі тақырыптары, қазақ әдебиетінің идеялық мұраттары, көркемдік-эстетикалық нысаналары, негізгі жанрлық формалары қарастырылады. Кенес дәуіріндегі таптық көзқарас, көп жырланған тақырыптар, шектеулер мен сол кезеңдегі әдеби процестің даму ерекшелігі, көркем туындылары оқытылады, талданады.	ON 3 ON 6 ON 9 ON 10 ON 15
UOCJKA4228Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақ әдебиеті	Соғыс жылдарындағы әдебиеттің жанрлық дамуы, сол кезеңдегі ақын-жазушылар шығармаларын оқытады. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ақын-жазушылар шығармашылығын идеялық-көркемдік тұрғыда талдау. Отан соғысына қатысқан ақын, жазушылар шығармашылығы, жауынгердің жан сезімі, елге, жерге деген сағынышын бейнелеген махаббат пен адал достық күйлерін суреттейтін жырлар мен көркем туындыларды оқыту, талдау. Әдеби процесте дамыған әдеби жанрлар, даму жолдары, заңдылықтары, өмір мен өлім арпаласын суреттеген туындылардың маңызы	ON 3 ON 6 ON 9 ON 10 ON 15

	қарастырылады.	
<p>\40-60JKA4228</p> <p>40-60 жылдардағы қазақ әдебиеті</p>	<p>Қазақ әдебиетінің даму ерекшелігі, тың туындылар, тақырып сонылығы, лириканың дамуы мен тарихи романдардың көптеп жазылуы, көркемдік ерекшелігі мен даму тенденциялары оқытылады. Лиризм, ойшылдық және психологизмнің ұштаса көрінуі де 40-60 жылдар поэзиясының еншісіндегі ерекшелік, адамның сыртқы пішінінен ішкі жан дүниесіне ену, оның сыры мен сезімін қоса қабат ашу өріс алғандығын көркем туындылар арқылы таныту. Прозадағы лиризм мен тарихи туындылардың көптеп жазылуы .шығарманың көркемдік ерекшеліктері қарастырылады.</p>	<p>ON 3</p> <p>ON 6</p> <p>ON 9</p> <p>ON 10</p> <p>ON 15</p>
Кәсіптік пәндер циклы. ЖОО-компоненті		
<p>\КТОМКТО4301</p> <p>Қазақ тіліндегі оқытпайтын мектептердегі қазақ тілін оқыту әдістемесі</p>	<p>Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілін оқыту әдістемесі пәнінде –пәннің зерттейтін нысаны, мазмұны, зерттеу әдістері мен тәсілдері қарастырылады. Бұл пәнде студенттер оқытудың неғұрлым пайдалы, үнемді және тиімді әдістері мен тәсілдерін үйренеді. Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілін оқыту әдістемесінің зерттейтіні оның оқыту жолдары мен жағдайлары туралы заңдылықтар, салыстыра оқыту, жаңа әдістемелік негіздер оқытылады.</p>	<p>ON 3</p> <p>ON 7</p> <p>ON 8</p> <p>ON 14</p> <p>ON 15</p>
<p>КТОМКАО 4302</p> <p>Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі</p>	<p>Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі пәнінде қазақ әдебиетінің тарихын, ауыз әдебиеті үлгілерін, шешендік өнер негіздерін оқытудағы тиімді әдістер мен тәсілдерін үйренеді. Қазақ әдебиетінің мол мұрасын таныту, оқыту барысындағы жаңашылдық және жаңа әдіс-тәсілдерді меңгертеді.</p>	<p>ON 3</p> <p>ON 7</p> <p>ON 8</p> <p>ON 13</p> <p>ON 15</p>
<p>PP(F) 2(3)03</p> <p>Педагогикалық практика</p>	<p>Педагогикалық практика мектеп тәжірибесін де оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда, теориялық білімін практикада қолдануға үйретеді. Теориялық білім, білік дағдыларын қалыптастыру, оқу-тәрбие ,білім, шеберлік, дағды және құзіреттілікті меңгеру, тұлғалық, бағдарлы білім беру және тәрбиелеудің жаңа заманауи технологияларын меңгерту.</p>	<p>ON 3</p> <p>ON 7</p> <p>ON 8</p> <p>ON 15</p>
<p>\ODP 4304</p> <p>Өндірістік практика (сала бойынша)</p>	<p>Студенттердің өндірістік практиканы өту мақсаты- алған теоретикалық білімдердің негізінде кәсіби білімдер мен дағдыларды қалыптастыру. Студенттер өндірістік практиканы өту барысында оқыту - танысу практикасын өту кезінде қойылған талаптарды орындайды. Сонымен қатар, олардың жұмыстары, жекелеген тапсырмаларды орындауы және басқа да әрекеттері жаңа ғылыми - техникалық құралдарды пайдалану, жұмысына шығармашылық деңгейде қарау, орындалу қарастырылған.</p>	<p>ON 7</p> <p>ON 12</p> <p>ON 13</p>
Кәсіптік пәндер циклы. Таңдау компоненті		
<p>\KMLT 3305</p> <p>Көркем мәтінді лингвистикалық талдау</p>	<p>Көркем дүние тілін танудың басты міндеті - шығарма тілі автордың айтпақ идеясына сай келе ме дегенді анықтау, жазушы өрнегін, қолтаңбасын айқындау. Қаламгер, сөз өнерінің бастауын жалпы халықтық тілден алатындығы ақиқат. Жазушының сөз өрнегін келісті сала білуі, қаламгердің даралық стилін, тіл өзгешелігін, шеберлігін танытады. Көркем тіл стилі оқырманға эмоционалды, бейнелі, яғни эстетикалық әсер ету функциясын атқарады. Жазушылар өз шығармаларында троптың түрлерін құбылта қолдану және семантикалық</p>	<p>ON 6</p> <p>ON 9</p> <p>ON 10</p> <p>ON 11</p> <p>ON 15</p>

	категориялардың мағыналық реңктерін орнымен жұмсау, фразеологизмдерді тақырыптық мағыналық жағынан сұрыптап суреттеу тәсіліне енгізу - міне, мұның барлығы суреткер үшін әрі шеберлік, әрі азаматтық міндет.	
MC3305 Мәтін синтаксисі	Мәтін синтаксисі – тіл білімінің бір саласы. Мәтін синтаксисі пәнінде студенттер мәтіннің қалыптасып дамуын, мәтінмен жұмыс жасауды, мәтін түрлерін жан-жақты зерттеп үйренеді. Білім алушылар мәтін синтаксисі пәнінде сөздердің байланысын, сөздердің тіркесу амал-тәсілдерін, сөйлемді дұрыс құру тәсілдерін, сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін, ондағы жеке сөйлемдердің бір-бірімен қарым-қатынасын меңгереді.	ON 6 ON 9 ON 10 ON 11 ON 15
AL3305Әлеуметтік лингвистика	Пәнінде білім алушы әлеуметтік лингвистикада тілдің функционалды жағын жан-жақты зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Пәннің қарастыратын басты мәселелері: тілдің қоғамдық мәні, әлеуметтік қызметі, тіл болмысының қатынастық түрлері (әдеби тіл, ауыз екі сөйлеу тілі, жергілікті диалектері), тілдің әлеуметтік сипаттағы түрлері (жаргон, арго, кәсіби тіл), билингвизм процестері. Әлеуметтік лингвистика үшін аса қажетті мәселелердің қатарында тілдің (тілдердің) өмір сүру формасынан туатын тілдік жағдайлар, тіл мен мәдениеттің байланысы, тіл саясатын ұғындырады.	ON 6 ON 9 ON 10 ON 11 ON 15
CL3306 Салыстырмалы лингвистика	Салыстырмалы лингвистика пәнінде білім алушылар лингвистиканың объектісі – адамдардың дыбыстық тілінің құрылымын да, функциялық сипаттарын да, даму заңдылықтарын да, сыртқы дүниемен, қоғаммен, ой-санамен, мәдениетпен қарым-қатынасын да жан-жақты зерттейді. Сонымен қатар студент бұл пәнде салыстырмалы тәсіл негізінде туыс тілдердің дамуын, салыстырмалы тарихы грамматика және этимологиялық сөздіктерді қарастырады.	ON 4 ON 6 ON 9 ON 10 ON 11 ON 15
CTN3306 Салыстырмалы типология негіздері	Салыстырмалы типология негіздері пәнінде білім алушылар - тілдердің туыстығына, өмір сүрген уақытына, территориялық орналасуына байланыссыз зерттеп, олардың бәріне тән және ерекше заңдылықтарын анықтауды мақсат етеді. Бұл пәнде типологияның қарастыратын объектісіне, типологияның эмпирикалық негізіне, типологиялық әдістің ерекшелігіне, жалпы жүйелі және жеке типологияға, типологиялық мүмкіндіктердің кеңістігі жөнінде қарастыруды меңгертеді.	ON 4 ON 6 ON 9 ON 10 ON 11 ON 15
СТВ 3306 Салыстырмалы тіл білімі	Білім алушылар бұл пәнде салыстырмалы-тарихи тіл білімі салыстырмалы-тарихи тәсіл негізінде туыс тілдердің дамуын, салыстырмалы-тарихи грамматика және этимологиялық сөздіктерді қарастырады. Студенттер тілдердің бір-біріне жақын, өзара туыстас болатындығын жан-жақты зерттейді. Салыстырмалы-тарихи тіл білімі синхрондық нормативті жүйеде жалпы тіл біліміне қарсы қойылады. Бұл пәнді оқу барысында тілдердің туыстығына, өмір сүрген уақытына, территориялық орналасуына байланыссыз зерттеп, олардың бәріне тән және ерекше заңдылықтарын анықтауды мақсат етеді.	ON 4 ON 6 ON 9 ON 10 ON 11 ON 15
ККА4307 Қазіргі қазақ әдебиеті	Қазіргі қазақ әдебиеті пәнінде қазіргі қазақ әдебиетінің дамуы, қалыптасуы жөнінде мағлұмат береді. Ақындардың жырларын талдау туындылардың идеялық эстетикалық мазмұнын ашу, поэзия прозаны драматургияны талдау, стильдік формалық ізденістерді, нақтылау шығармаларды талдау, кейіпкерлер әлеміне талдау жасау. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі ұлттық сөз өнерін еңселі еткен туындыларды оқыту және талдау жасауға үйретеді.	ON 1 ON 11 ON 13

ТЖА4307 жылдарындағы әдебиеті	Тәуелсіз қазақ	Тәуелсіздік жылдардағы қазақ әдебиеті бұл пән тәуелсіздік жылдардағы қазақ әдебиетінің, өз арнасын жаңа бағытқы бұрғаны жөнінде толық мағлұмат береді. Тәуелсіздік алған жылдардан бастап жарық көрген көркем шығарманың ұлттық әдебиетке қосқан үлесі жөнінде, тәуелсіздік жылдардағы қазақ әдебиеті өкілдерінің шығармашылығына қарастырады. Тәуелсіздік жылдар әдебиетіне яғни шет елден оралған қазақ жазушылардың шығармашылығымен толығы ерекшелігі де қарастырылады. Жаңа туындылар және әдебиеттің сынын, әдеби процесстің дамуы жөніндегі әдеби талдаулады оқиды.	ON 4 ON 8 ON 9 ON 11 ON 12
ККР4307Қазіргі прозасы	қазақ	Қазақ прозасындағы көркем туындылар кеңестік жүйенің ыдырауы адамдардың тоқырау кезеңіндегі психологиялық күйзелістері, адам сезімімен қоғамдық өзгерістердің айқын көрінуі туралы көркем шығармаларды оқу жаңа модернизм, постмодернистік ағымдағы туындылардағы көркемдік ізденісті қарастыру,оқу, талдау.	ON 4 ON 8 ON 9 ON 11 ON 12
КАР4308Қазіргі процесс	әдеби	Қазіргі әдеби процесс бүгінгі проза поэзия драматургия, сынның дамуы көркемдік ізденістері, көркемдік әдістері қарастырылады. Тәуелсіздік жылдардағы ең көп жырланған тақырыптар екшеленеді, елдің тарихын жырлаған поэзиялық туындылар, ұлттық рухты көтеретін көркем туындыларды оқыту және талдау.	ON 4 ON 8 ON 9 ON 11 ON 12
KS4308Көркемдік сөз		Көркем сөз пәнінде әдебиеттегі эстетикалық мәні, яғни көркем шығармадағы бейнелі сөздің қолданысы, қазақ әдебиетіндегі көркем туындылардағы көркемдік ерекшеліктері қарастырылады. Қазақ поэзиясындағы жырлар М.Жұмабаев, М.Мақатаев, Ж.Нәжімеденов поэзиясындағы көркемдегіш құралдарды, теңеу, эпитет ерекшеліктерін ұғыну, көркем шығарманы талдауға үйрету.	ON 4 ON 8 ON 9 ON 11 ON 12
AN4308Әдебиет нормасы		Әдеби тіл нормасы – жылдар бойы сұрыптаудан өтіп, жалпы қолданысқа ыңғайлы, тілдік қарым-қатынас жүйесінде жалпы қолданысқа ие сөздер. Көптеген жылдар үдерісінен өтіп, тіл қолданушыларға түсінікті, ортақ қарым-қатынас құралы екендігін ұғындыру. Әдеби тілдің нормасы тілдік жүйеге, тілдік модельдерге сәйкестігімен ерекшеленіп, орфографиялық, орфоэпиялық, грамматикалық, пунктуациялық, лексикалық норма сияқты түрлерін оқу, талдау.	ON 4 ON 8 ON 9 ON 11 ON 12
SHAT4309 әдебиетінің тарихы	Шетел	Шетел әдебиетінің тарихы пәні әлем халықтарының сөз өнері шығармаларын оқыту, салыстыру дүниежүзілік әдебиетінің даму аясында қарастырады. Антикалық әдебиет кезеңіндегі тарихи нақты талдау тұңғыш әдеби жанрлардың қалыптасуы дамуы жайлы көрнекті авторлар шығармаларының көркемдік қайта өрлеу дәуіріндегі әлем әдебиеті XIII-XIX ғасырдағы әлем әдебиеті дамуы XIX-XX ғасырдағы қазіргі шетел әдебиетінің классикалық шығармаларын мазмұнын, қалыптасуын дамуындағы жанрлық ерекшеліктері туралы мағлұмат алу және көркем шығармаларды оқу.	ON 6 ON 11 ON 12 ON 13

<p>АА4309 Антикалық әдебиет</p>	<p>Пәнде ежелгі римдік және грек әдебиеті яғни Батыс-Еуропа әдебиетінің бастауы, Еуропаның ежелгі өркениеті саналатын Антикалық әдебиетін маңызы қарастырылады. Адам қоғам қарым-қатынасы, саяси мазмұны ғасырлар бойы сақталған маңыздылығын оқытылады. Антикалық әдебиетін әр алуандығы, мифологиялық туындылары қарастырылады. Эсхил, Софокл шығармалары оқытылады.</p>	<p>ON 6 ON 11 ON 12 ON 13</p>
<p>КОА 4309 Қайта өрлеу әдебиеті</p>	<p>Батыс және Орталық Еуропа елдер мәдениеті тарихындағы орта ғасырлық Италия әдебиеті, Орта ғасырлық дәстүрді жалғастырудағы фольклор мен қалалық мәдениетін өрлеуінедіг гуманистік антикалық ілімдерді қайта жандандыру турасындағы туындылар қарастырылады. Қайта өрлеу дәуіріндегі махаббат сарыны және Еуропалық новелистика әсері туралы талдау жасау және көркем туындыларды оқыту.</p>	<p>ON 6 ON 11 ON 12 ON 13</p>
<p>1 траектория: Аударма теориясы мен әдістемесі - 14 кредит (420 сағат)</p>		
<p>АТА4310 Аударма теориясы мен әдістемесі</p>	<p>Аударманың жалпы және жеке теориясы, аудармадағы баламалық, мәтінді түсіну негіздері мен трансформациялық тәсілдердің қолданылу сипаттары, аударманың нормативтік аспектілері, қателерін түзету, редакциялау тәсілдері үйретіледі. Аударманың теориялық мәселелері және аударманың тілдік-стильдік принциптері, аударма арқылы жасалған сөздік қор, аударма арқылы синонимдік қатарлардың номинация жасау, термин жасау ерекшеліктерін қарастырады.</p>	<p>ON3 ON6 ON 7 ON 8 ON 9 ON 11</p>
<p>КОТSG4310 Қазақ және орыс тілдерінің салыстырмалы грамматикасы</p>	<p>Пәнде қазақ тілі мен орыс тілінің грамматикасын салыстыра оқыту мақсатында қазақ және орыс тілдерінің фонетикасы, сөзжасамы, морфологиясы, синтаксисі салыстырмалы түрде оқытылады. Аглютинативті қазақ тілі мен флективті орыс тілінің құрылымындағы айырмашылықтарға байланысты ерекшеліктерін әр сала бойынша үйретеді.</p>	<p>ON3 ON6 ON 7 ON 8 ON 9 ON 11</p>
<p>АІ4310 Аударма ісінің негіздері және стилистика</p>	<p>Бұл пәнде студенттер көркем және жазбаша аударманың ақпараттық түрлерін, жанрлық, стильдік ерекшеліктерін, аударылу үдерісін, аудару стратегиясы мен техникасын үйренеді, аудару машығын қалыптасырады. Әр жанрға сай аудару ісіне дағдыланады, машықтанады, тәжірибе жинақтайды. Аударманы бағалап, талдап, зерттеп, оған өзіндік ой-пікірін білдіреді. Жазбаша және көркем әдебиет шығармаларының аудармасын сараптап, оның қателіктерін талдап көрсетеді, редакциялайды.</p>	<p>ON3 ON6 ON 7 ON 8 ON 9 ON 11</p>
<p>РКТ4311 Практикалық қазақ тілі</p>	<p>Қазақ тілінің оқу бағдарламасы өзге тілді дәрісханаларда қазақ тілін оқытудың соңғы лингвистикалық және әдістемелік жетістіктеріне сүйенеді. Практикалық сабақта әр студенттің белгілі тақырыптардан өзінше жұмыс жасауына мән беріледі. Бұл студенттің қабілетін дамытады, белгілі тақырыптардан терең теориялық білім алып, оны іс жүзінде қолдануға дағдыландырады. Сонымен қатар студенттің білімін практика жүзінде нақтылауды үйретеді.</p>	<p>ON4 ON5 ON 7 ON 9 ON 11</p>

ККТФ4311 Қазіргі қазақ тілінің фразеологиясы	Бұл пәнді оқу барысында студент тұрақты сөз тіркестерін жан-жақты зерттейді. Фразеология деген грамматикалық термин гректің фразис (сөйлемше), логос (ілім)-деген сөздерінен біріктіру арқылы жасалған. Тіл ғылымындағы қазіргі мағынасы тұрақты сөз тіркестері деген ұғымды береді. Сондықтан фразеология деудің орнына кейде грамматикада тұрақты сөз тіркестері деп те қолданылатыны ескеріліп, талдау жасалады.	ON4 ON5 ON 7 ON 9 ON 11
FDE4311 Фонема. Дыбыстық ерекшеліктер	Фонема дыбыстық ерешеліктер пәнінде білім алушылар дыбыс және фонема ұғымын жан-жақты зерттеп талдайды. Фонемалар жүйесі жайлы ұғыммен кеңірек танысады. Тілдегі сөздер бір-бірінен мағыналары мен дыбысталуы жағынан ажыратылатындығына көз жеткізеді. Фонеманың көршілес келген әр түрлі фонемалардың тигізген әсеріне пайда болған реңктермен танысады. Тіл білімінде фонема туралы мәселенің өзіне тән тарихы қарастырылады.	ON4 ON5 ON 7 ON 9 ON 11
CJ 4312Сөздікпен жұмыс жасау әдістемесі	Пәнде тіл дамыту үшін сөздіктің маңызын ұғындырады. Оқушының тілін дамытуға сөздіктің маңызы зор. Сөздік жұмысы-тіл дамыту жұмысының бастапқы негізі болып саналады. Сөздікпен жұмыс арқылы сөздерді,сөйлемдерді дұрыс жазуына,сөйлеу дағдыларын дұрыс қалыптасуына ықпал ететіндігі ұғындырылып, сөздікпен жұмыста жаттығулар орындалып, сөздікпен жұмыстың маңыздылығы үйретіледі.	ON 3 ON 9 ON 10 ON 12
СТ 4312 Сөздіктің түрлері	Сөздіктердің түрлері өте көп, шартты түрде оларды жүйелеу, анықтама сипатындағы энциклопедиялық сөздіктер деп қарастырады. Белгілі бір салаға қатысты ұғым, дерек, зат, құбылыстар сипатталса, лингвистикалық сөздіктер әліпбилік тәртіппен белгілі бір тілдің лексикасы мен фразеологиясын түсіндіруді мақсат тұтады. Лингвистикалық сөздіктердің бірнеше түрлерін, сөздіктерді қолдану ерекшелігін үйретеді.	ON 3 ON 9 ON 10 ON 12
KLT 4312Қазақ лексикографиясының тарихы	Бұл пәнтарихи лексикология тілдің сөздік құрамын, шығуын, замандар бойында қалыптасуын және дамуын, лексиканы құрастырушы арналар және олардың тарихы тұрғысынан зерттейді. Студенттер қазақ лексиканың көне түркілік негізін, орта ғасырларда қазақ лексикасының өзіндік белгілері анықталғанын, қазақ лексикасының одан кейін халықтық және ұлттық дәуірлерде даму сипатын жан-жақты қарастырады .Қазақ сөзінің түбірін тарихи-салыстырма әдісімен үйренеді.	ON 3 ON 9 ON 10 ON 12
2 траектория: Сөздік қорды дамыту -14 кредит (420 сағат)		
СКD4313 Сөздік қорды дамыту	Сөздік қор, тілдің негізгі сөздік қоры – сөздік құрамның ең тұрақты бөлігі, ондағы сөздердің негізгі ұйтқысы. Сөздік құрамға тілде бұрыннан қалыптасқан, сондай-ақ кейін пайда болған барлық сөздер енсе, сөздік қорға ең қажетті ұғым-түсініктерді қамтыған, сол тілде сөйлейтіндердің бәріне түсінікті сөздер ғана кіреді. Сөздік қордың басты белгісі – тұрақтылық, онда жалпыхалықтық сипатына қарай қарастрылады.	ON 10 ON 12 ON 13
TDJ4313 Тілді дамыту жолдары	Оқушылардың сөйлеу мәдениетін арттыру – заманауи мектептің алдында тұрған өзекті міндеттердің бірі. Адамның мәдениетінің, ойлауының, зияткерлігінің деңгейі тілдік нормаларға сәйкес келуі оның сөйлеу мәдениеті болып табылатындығы белгілі. Пән тіл дамыту жұмыстарында студенттің сөздік қорын, сөз байлығын толықтыру, өз ойын анық дұрыс етіп ауызша, жазбаша жеткізе білуге баулу, қазақ әдеби тіл нормасында жатық, әдепті сөйлеуге үйретеді.	ON 10 ON 12 ON 13
LCKK 4313 Лексикалық сөздік қорды қалыптастыру	Пәннің басты мазмұны - тілді меңгеру процесін ұйымдастыратын тапсырмалар жүйесі - грамматикалық меңгеруге бағытталатын болса, сөздіктің мақсаты - қосымша сөздік минимумды нақты, дәл, керектісін ғана тілді үйренушіге ұсынады. Сөздіктермен жұмыс негізінен, әртүрлі тақырыптарға байланысты аударма, түсіндірме және кәсіби сөздіктер көмегімен іске асатыны	ON 10 ON 12 ON 13

		белгілі. Таныс емес сөздердің мағынасын жан-жақты ашып, әр сөзге нақтылы талдау жасатып, ол сөздің мағынасын, тілдік қолданысын тиімді пайдалануға үйретеді. Сөздік жұмысының ерекшелігі, тіл дамытудың басқа түрлері сияқты оқу-тәрбие жұмысының барлық салаларында жүргізіледі. Тіл үйренушінің ойын дамытумен қатар, тілді, оның грамматикалық құрылысын меңгеру, өз пікірлерін айтуға, сұрауға, қорытынды жасауға, заттар мен құбылыстар арасындағы алуан түрлі байланыстарды аңғаруға үйретеді.	
ADK 4314	Академиялық жазылым және оқылым	Бүгінгі білім саласындағы жаңа технологиялар мен әдіс алдымызда жас ұрпақты болашақ өмірге және еңбек етуге тиісті деңгейде даярлап, студенттердің бойында ХХІ ғасыр дағдылары деген жалпылама атауға ие болған дағдыларды қалыптастыру міндеті тұр. Бұл жазылым мен оқытылым дағдылар пән бойынша білім, нақты дағдылар, сауаттылық пен тәжірибені қамтиды.	ON 5 ON 9 ON 15
ATD 4314	Айтылым және тыңдалым дағдыларын қалыптастыру әдістері	Бұл пәнде айтылым дағдысын қалыптастырудағы тәсілдер айтылым дағдысын жетілдіруге, студентке өз ойын еркін жеткізе білумен қатар, пікірін, көзқарасын білдіруге дағдыландыру жолындағы әдіс-тәсілдермен танысуға, тәжірибе барысында қолдануға үйретеді. Айтылым дағдысы туралы мәлімет алады және айтылым дағдысын жетілдіруге арналған әдіс-тәсілдермен танысады, тәжірибеде қолданады. Тыңдалым тапсырмалары жалпы мазмұнды түсінуден бастап, детальді түсінуге үйретеді.	ON 5 ON 9 ON 15
AK 4314	Қазақ тілін жаңартылған бағдарлама бойынша оқыту әдістемесі	Жаңартылған білім беру аясында инновациялық қадамдар. Жаңартылған білім беру мазмұнның ғылыми-теориялық негізі, құрылымы мен мақсат-міндеттерін біледі. Жаңартылған білім беру бағдарламасының өзектілігі мен маңыздылығын түсінеді. Оқу бағдарламасының үйлесімділігі: оқу бағдарламасы, педагогикалық әдіс-тәсілдері, бағалау. жаңартылған білім беруде белсенді оқыту әдіс-тәсілдері қолдана білу дағдысын қалыптастырады.	ON 5 ON 9 ON 15
СJT 4315	Сөздік жасау теориясы	Сөздік жұмысы – тіл дамытудың іргетасы, тіл үйренушінің жаңа сөздер үйренуде, бұрын білетін немесе түсінбейтін сөздердің мағынасын анықтауда маңызы зор. Сондай-ақ сөздік жұмысы сөйлем құрауға материал береді, сөздерді байланыстырып сөйлеуге, әңгіме айтуға, шығарма жазуға көмектеседі. Сөздіктермен жұмыс негізінен, әртүрлі тақырыптарға байланысты аударма, түсіндірме және кәсіби сөздіктер көмегімен іске асатыны белгілі. Сабақ барысында сөздіктерді қолданылу тіл үйренушінің ойын дамытумен қатар, тілді, оның грамматикалық құрылысын меңгеру, өз пікірлерін айтуға, сұрауға, қорытынды жасауға, заттар мен құбылыстар арасындағы алуан түрлі байланыстарды аңғара білуге мүмкіндік береді.	ON 9 ON 10 ON 13 ON 15
TL 4315	Тарихи лингвистика	Тарихи лексикология – жалпы тіл білімінің күрделі салаларының бірі. Студент бұл пәнді оқу барысында лексикологияның зерттеу объектісі – лексика және оның пайда болу жолдары мен даму заңдылықтары. Басқаша айтқанда, тарихи лексикология тіл тарихына, сол тілде сөйлеуші этностың (халықтың, ұлттың) бастан кешірген қоғамдық формациялары мен басып өткен ұзақ өмірлік жолына қатысты тілдік фактілердің шығу тегін, қалыптасу кезеңдерін, туыстас тілдердің қатарынан алатын орнын, басқа тілдерге қатыстығын ғылым и-теориялық тұрғыдан зерттейді.	ON 9 ON 10 ON 13 ON 15
LT 4315	Лексикография теориясы	Пәнді оқу барысында білім алушылар сөздіктерді жасау жұмысында лексикография теориясының маңызы айрықша екендігіне көз жеткізеді. Себебі сөздіктердің сапасы лексикография теориясының дәрежесі неғұрлым жоғары болса, сөздіктер де соғұрлым сапалы болмақ. Сөздіктердің сапасын	ON 9 ON 10

арттыру сөздік жасау жұмысына қатысты көптеген теориялық және практикалық мәселелер жайында зерттеу жұмыстарын жүргізуді қажет етеді.

ON 13

ON 15

Оқу үдерісін ұйымдастыру кестесі

Семестр		1 семестр	2 семестр	3 семестр	4 семестр	5 семестр	6 семестр	7 семестр	8 семестр	9 семестр	Барлығы
Теориялық оқыту		30 кр	30 кр	30 кр	30 кр	30 кр	30 кр	20 кр	20 кр	20 кр	240 кр
		15 апта	15 апта	15 апта	15 апта	15 апта	15 апта	10 апта	10 апта		110 апта
Сессия		3 апта	3 апта	3 апта	3 апта	3 апта	3 апта	2 апта	2 апта		22 апта
Кәсіби практика	Оқу-дала		/2 кр								2 кр
	Педагогикалық (үздіксіз)				/2 кр	/3 кр	/3 кр				8 кр
	Өндірістік (кәсіби)/дипломалды практика									8 кр	8 кр
Жалпы			/2 апта		/2 апта	/3 апта	/3 апта			8 апта	8 апта /10 апта
Қорытынды аттестация										12 кр	12 кр
										7 апта	7 апта
Демалыс		4 апта	12 апта	4 апта	12 апта	4 апта	12 апта	1 апта	1 апта		50 апта
Семестр		30 кр	30 кр	30 кр	30 кр	30 кр	30 кр	20 кр	20 кр	20 кр	240 кр
		22 апта	30 апта	22 апта	30 апта	22 апта	30 апта	13 апта	13 апта	15 апта	197 апта
Оқу жылы		60 кр		60 кр		60 кр		60 кр			240 кр
		52 апта		52 апта		52 апта		41 апта			197 апта

Технологиялық карта

№	Оқыту нәтижелері	Оқыту формалары	Оқытушы әрекеті (әдісі)	Білім алушы әрекеті (әдісі)	Бақылау формалары	Менгеру нәтижесі
1	ON1 ON2 ON3 ON4 ON5 ON6 ON7 ON8 ON9 ON10 ON11 ON12 ON13 ON 14 ON 15	1.Лекция. 2.Семинар. 3.Практикалық курс бойынша семинар. 4.Практикалық жұмыстар. 5.Оқытушы басшылығымен жұмыс. 6.Өзіндік жұмыс. 7.Өндірістік практика. 8.Тәжірибелік зерттеулер. 9.Жоба бойынша жұмыстар.	1. Кеңес беру. 2.Практикалық сабақтар.	1. ІТ әдісі; кітапханадан, Интернет желісіндегі материалдарды іздеу. 2.Әдебиеттерді шолу. 3. Кәсіби дағдыларға жаттығу. 4. Қажетті зерттеулер жүргізу және эссе, т.б. жазу.	1. Тест (психологиялық тест). 2. Емтихан. 3. Презентация. 4. Талдау (мәтінді және басқа да мәліметтерді). 5. Эссе. 6. Практика тапсырмалар 7. Жұмыс нәтижелерін қорғау.	Білім: - білу; - түсіну; - қолдану; - талдау; - бағалау; - жинақтау.

